




БЕКІТІЛДІ: 
«Куншуак» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
директоры А.Е.Баянова

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

Кезең	Іс-шаралар	Мақсаты / Нәтиже	Жауапты
I тоқсан (қыркүйек)	<p>Кеңес құрамын бекіту, жылдық жоспарды талқылау; ата-аналар жиналысы</p> <ul style="list-style-type: none">➤ Төраға, орынбасар, хатшыны сайлау➤ Кеңес регламентін нақтылау➤ Жылдық жоспарды бекіту➤ Балабақша жағдайына алғашқы мониторинг жүргізу➤ Ата-аналар жиналысын өткізу➤ Топтардың материалдық жағдайын қарау <p>Қосымша: Балалардың бейімделу кезеңін бағалау. Жаңа оқу жылының басталуына қолдау көрсету</p>	Жұмысты ұйымдастыру, бағыттарды айқындау	Кеңес төрағасы
II тоқсан (қазан– желтоқсан)	<p>Оқу-тәрбие сапасын талдау; қауіпсіздік шараларын қарау; материалдық базасын толықтыру.</p> <ul style="list-style-type: none">• Балалардың тамақтану сапасына мониторинг (ұсыныс деңгейінде)• Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қарау• Ата-аналармен ашық кездесу өткізу• Педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастыру <p>Қосымша: Мерекелік іс-шараларға қатысу (Алтын күз, Тәуелсіздік күні) Тәрбие жұмысына ұсыныстар енгізу</p>	Сапаны арттыру және жағдайды жақсарту	Кеңес мүшелері

<p>III тоқсан (қаңтар– наурыз)</p>	<p>Жарты жылдық қорытынды; қайырымдылық акциялары; ата-аналармен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Жартыжылдық есепті тыңдау ➤ Балалардың даму деңгейін талдау ➤ Материалдық қажеттіліктерді қайта анықтау ➤ Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру ➤ Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау ➤ Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу <p>Қосымша: “Отбасы және балабақша” атты бірлескен іс-шара. Ата-аналар клубын дамыту</p>	<p>Әлеуметтік қолдау және кері байланыс</p>	<p>Кеңес төрағасы</p>
<p>IV тоқсан (сәуір– маусым)</p>	<p>Жылдық қорытынды; есеп беру; жаңа оқу жылына ұсыныстар</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Жылдық жұмысты қорытындылау ➤ Кеңес жұмысының тиімділігін бағалау ➤ Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдау ➤ Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар ➤ Жаңа оқу жылына жоспар дайындау ➤ Кеңес мүшелерінің есебі <p>Қосымша: ➤ «Бақытты балалық шақ» мерекелік ертеңгілігін қолдау Ойын алаңдарын жақсарту бойынша ұсыныстар</p>	<p>Жұмысты талдау және жоспарлау</p>	<p>Барлық мүшелер</p>

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА № 1

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 28.08.2023 ж.

Өткізілген уақыты: 10.00

Өткізілген орны: Балабақшаның акт бөлмесі.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері, медицина қызметкері

Қатысушылар саны: 109

Төраға: Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы: Медиманова Айгуль Шахабековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес құрамын бекіту; жылдық жоспарды талқылау; ата-аналар жиналысы
 - Төраға, орынбасар, хатшыны сайлау
 - Кеңес регламентін нақтылау
2. Жылдық жоспарды бекіту
3. Балабақша жағдайына алғашқы мониторинг жүргізу
4. Ата-аналар жиналысын өткізу
5. Топтардың материалдық жағдайын қарау

Қосымша: Балалардың бейімделу кезеңін бағалау;
Жаңа оқу жылының басталуына қолдау көрсету-

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту

Балабақша директоры Баянова Алмагуль Ерболатовна қамқоршылық кеңестің қызметі туралы кеңінен түсіндіріп өтті. Кеңестің негізгі мақсаты – балабақша жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны дамытуға жәрдемдесу және ата-аналармен тиімді серіктестік орнату екені айтылды.

Ұсынылған құрам: Төраға, Төраға орынбасары, Хатшы. Ата-аналар өкілдері, Қоғамдық өкілдер

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің

жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын негізге ала отырып «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасында қамқоршылық кеңес құру туралы кеңінен түсіндіріп өтті.

Кандидатуралар талқыланып, ашық дауыс беру нәтижесінде қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бірауыздан бекітілді

Қамқоршылық кеңес төрағасына Шаудирбаев Габит Нурғалиевич - Аудандық маслихат депутаты, ЖШС «МО ЖОЛАМАН» дәрігерлік амбулатория бас дәрігері.

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары: Утебаева Жамал Балкасымовна - Шахта орта мектебінің директоры.

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Медиманова Айгуль Шахабековна - «Өркен» тігін цехының иесі, Жеке кәсіпкер.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Әнетов Ақылбек Игісәтұлы - Таушық ауылдық учаскелік полициясы
Момынова Индира Амантаевна - «Раяна» сауда орталығының иесі. Жеке кәсіпкер.

Қайрхожаева Шырынгул - «Сұлулық» салоны тесі, жеке кәсіпкер

Жолдыбаева Гульшат - «Gulshat Collection» тігін орталығының иесі,
Жеке кәсіпкер

Қосуақов Бек Айбекұлы - Жеке кәсіпкер

Сауытбаева Айдана - «Көзайым» оқу орталығының иесі, жеке кәсіпкер

Күн тәртібіндегі II-мәселе 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары.

Балабақша әдіскері Әдіскер Жаксылыкова айгуль Алиаскаровна 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды толық таныстырды.

Жоспардың негізгі бағыттары:

- * Мектепке дейінгі білім беру стандартын орындау (МЖМБС талаптары)
- * Балалардың жас ерекшелігіне сай дамыту жұмыстары
- * Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен мерекелік іс-шаралар
- * Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының қадамдық жоспары
- * Ата-аналармен жүйелі жұмыстар
- * Инклюзивті білім беруді дамыту
- * Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
- * Консультативтік пункт жұмысы

Ата-аналар жоспар бойынша пікірлерін білдіріп, бірқатар ұсыныстар енгізді. АКП жұмысын жетілдіру. Шығармашылық жұмыстар. Алтын күз жәрмеңкесін кең көлемде өткізу.

III-мәселе бойынша: Балабақша жағдайына алғашқы мониторинг жүргізу

Жамишова Гулжихан Онашовна-балабақша психологі .

Қамқоршылық кеңес құрамының балабақша жағдайына өздерінің алғашқы мониторингін жүргізу туралы түсінік берді. Мониторинг жүргізу арқылы балабақшада білім мен тәрбие беруде білім сапасының, оның материалдық жағдайына, ішкі педагогикалық және кіші қызметкерлер қызметінің сапасын бағалай алуға мүмкіндіктің жоғары екенін түсіндірді. Ең бастысы балабақшаға бала қабылдау жөнінде сұраныстың жоғары екенін айта кетті. Сондай-ақ Оқу-тәрбие сапасын, оқу процесі, балалардың даму деңгейі және күнделікті ұйымдастырылатын іс-әрекеттер туралы ақпарат берді.

Ата-аналар тарапынан келесі ұсыныстар айтылды:

- * балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға қосымша жұмыстар
- * логикалық ойындарды көбейту
- * цифрлық құралдарды тиімді пайдалану
- * жеке даму карталарын ата-аналарға түсіндіру

4-мәселе бойынша: Ата-аналармен байланыс

Балабақша тәрбиешісі Орысбаева Алтынтөре Қалдыгерейқызы Ата-аналармен кері байланыс жүйесін күшейту туралы ұсыныстар айтты . Әлеуметтік желілерді кеңінен қолдану керектігіне аса назар аударды.

- * WhatsApp/электронды байланыс
- * ай сайынғы ата-аналар жиналысы
- * ашық есік күндері
- * жеке консультациялар алуға болатындығы туралы әңгіме өрбіді.

Балабақшаның өткізген әрбір іс-шаралары балабақшаның веб сайт, инстаграмм, телеграмм, ютуб, фейсбук парақшаларында уақытылы жарияланып отырады. Сол жерде өткен іс-шаралар туралы ақпарат алуға болатындығы айтылды.

5-Топтардың материалдық жағдайын қарау

Өтенова Ақшагүл Нұрмұханқызы - шаруашылық меңгерушісі.

Балабақшаның материалдық-базасы толықтай қамтылған. Оқу-құралдары жеткілікті. Балабақшада кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтары жұмыс жасайтындығы және одан бөлек психолог, ән-саз, робототехника, компьютер, дене шынықтыру залы , ойын алаңдарымен қамтылғандығына аса назар аударды. Топ іші ойын бұрыштарына, заттық дамытушы ортаның балаларға қол жетімділігі ескертілді.

**Қосымша: Балалардың бейімделу кезеңін бағалау
Жаңа оқу жылының басталуына қолдау көрсету.**

Балабақша медбикесі кіші топтарда жаңадан қабылданған балалардың адаптациялық кезеңнің өтуіне түсіністікпен қарауды, баланы санитарлық талаптарға сай киіндірілуі, балабаның тазалығы, балабақша киім үлгісінің сақталуына аса мән беруді айтып өтті. Бала бейімделу кезеңінде өзгерістерге ұшырауында ата-аналар тарапынан қолдау көрсетіп, бала тәрбиесінде бір ауыздан жұмылып әрекет етуді ұсынды.

Қосымша әртүрлі мәселелер қаралды.

Қосымша ұйымдастырушылық сұрақтар қаралды:

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңестің құрамы толық ұсынысқа сай бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
3. Ата-аналар ұсыныстары жоспарға енгізілсін.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарды сақтау қатаң бақылауға алынсын.
5. Ата-аналармен байланыс жүйесі күшейтілсін.
6. Қамқоршылық кеңес отырысы тоқсанына 1 рет өткізілсін.

Төраға:

Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы:

Медиманова Айгуль Шахабековна

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА № 2

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 12.12.2023 ж.

Өткізілген уақыты: 10.00

Өткізілген орны: Балабақшаның акт бөлмесі.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері, медицина қызметкері

Қатысушылар саны: 99

Төраға: Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы: Медиманова Айгуль Шахабековна

КҮН ТӘРТІБІ:

Оқу-тәрбие сапасын талдау; қауіпсіздік шараларын қарау; материалдық базасын толықтыру.

- Балалардың тамақтану сапасына мониторинг (ұсыныс деңгейінде)
- Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қарау
- Ата-аналармен ашық кездесу өткізу
- Педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастыру

Қосымша: Мерекелік іс-шараларға қатысу (Алтын күз, Тәуелсіздік күні)

Тәрбие жұмысына ұсыныстар енгізу

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі І-мәселе Оқу-тәрбие сапасын талдау; қауіпсіздік шараларын қарау; материалдық базасын толықтыру. Балалардың тамақтану сапасына мониторинг. Қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.

Балабақша әдіскері Жаксылыкова Айгуль Алиаскаровна күн тәртібіндегі бірқатар мәселелерге тоқталды. Атап айтқанда Оқу-тәрбие сапасын талдау бойынша оң нәтижелер бар. Бала балабақшаға бейімделу кезеңінде баладан алғашқы бақылау білім сапасын тексеру мониторингі алынды. Сол кездегі баланың білім сапасы қазіргімен салыстырғанда әлде қайда оң нәтиже көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз білім сапасының деңгейі жоғары, сапалы ұйымдастырылуда деген сөз. Педагогтер өз кезегінде жылдық, айлық, перспективалық жоспары мен циклограммаларына сай әрекет етуде. Түрлі дамытушы дидактикалық ойындар, қимыл-қозғалыс, рөлдерде сомдау, ертегілер, ұлттық ойындар жоспарлы өтіп жатыр деген сөз.

Сондай-ақ ойын алаңдарының қауіпсіздігі, тамақтану сапасын бақылау, инфекциялық аурулардың алдын алу, эвакуациялық жоспардың сақталуын да естен шығармаған жөн. Бала қауіпсіз аймақта тәрбиеленуде десекте болады.

Материалдық-техникалық базаның толық болуынан балаға білім мен тәрбие беруде еш қиындық кездеспеді. Жыл басында оқу құралдары толықтай қамтамасыз етілген.

Балалардың тамақтануына аса мән беріледі. Күнделікті балабақша медикесінің жазған ас мәзірін директор бекітіп, сол бойынша аспазшылар дәмді астарын талапқа сай орындауда. Ас мәзірінен ауытқу болған жоқ. Балалар дәмді әрі дәруменге бай тағамдармен қамтылған. Күніне 4 мезгіл талапқа сай ас ішуде. Санитарлық талап сақталған.

**Әнетов Ақылбек Игісәтұлы Таушық ауылдық полициясы,
қамқоршылық кеңес мүшесі.**

Балабақшадағы техникалық, өрті қауіпсіздігі және антитеррорлық қауіпсіздік шарасымен таныстым. Орталық дабыл түймесі бар. Сондақ ай ғимарат ішінде 27, сыртында 13 бейнебақылау камералары орнатылған. Балабақшамен ай сайынғы тексеріс кезінде бірлесіп жұмыс жүргізілуде. Антитеррор паспорты, өрт қауіпсіздігі, техникалық қауіпсіздік құжаттары толық бар екен. Бәрімен танысып, тексеріп көрдім. Орталық дабыл түймесі тұрақты жұмыс жасап тұр. Қауіпсіздік жағынан жоғары деңгейде бағалар едім.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе Ата-аналармен ашық кездесу өткізу бойынша тәрбиеші Сатыбалдиева Бибінұр Күбірбайқызы сөз сөйледі.

Ата-аналармен тұрақты байланыстамыз. Алдыңғы кездесуде айтып өткендей күнделікті WhatsApp желісімен байланыстамыз. Сонымен қатар ата-аналармен ашық есік күндері тұрақты ұйымдастырылуда. Осы жерде отырған бірқатар ата-аналар ұйымдастырылған ашық есік күнінде балабақшаға келіп балабақшаның тыныс тіршілігімен танысты. Балалардың әрекетін өздері бақылады. Әр педагогтың іс-әрекеті бағаланды. Ата-аналар бір мезгіл өздері баламен түрлі әрекет өткізді. Соның арқасында тәрбиеші жұмысының қыр сырымен танысып, өз бағаларын берді. Балабақшадағы әрбір қызметкердің өзіндік орны, өзіндік қызметі ерекше рөл атқаратындығын ата-аналар өз көздерімен көрді. Баламен бірге түрлі дамытушы ойындар ойнап, ертегілерді бірге сомдады. Табиғат бұрыштарында бірге еңбек етті. Бірге ойын алаңдарында жұмыс жасады. Құстарға қамқорлық жасады. Еңбек әрекетіне бірлесіп қатысты. Робоәлемге саяхат жасап бала болып бір мезгіл құрастырғыштардан түрлі бұйымдар жасады. Компьютермен логикалық ойындар ойнап, суреттер бояды. Бұның бәрі ата-аналар ашық есік күнінде өз көздерімен танысып шықты. Оң бағасын берді.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе Педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастыру

Балабақша тәрбиешісі Ходжа-Ахметова Камшат пен қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер Момынова Индира бірлесіп атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Балабақшаның жылдық жоспарында атап көрсетілгендей қамқоршылық кеңес мүшелерімен балабақша арасында бірлескен бірқатар жұмыстар атқарылды. Кеңес мүшелері өз кезегінде балабақшада өткен әрбір іс-шараларға белсене қатысып отырады. Білім күні, отбасы күні, қарттар, ұстаздар, республика күні, алтын күз ертеңгіліктерінде бірлескен біршама жұмыстар өтті. Балабақша мен кеңес мүшелерінің арасында тығыз байланыс бар. Бала тәрбиесінде бірлесіп, бірге жұмыс жасауда.

Кеңес мүшелері өз кезегінде педагогтармен бірлескен «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ұлағатты ұстаздар марапатталды. Еңбек ардагерлеріне сый құрмет көрсетілді. Балалар тарапынан шағын мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды.

Қосымша: Мерекелік іс-шараларға қатысу. Тәрбие жұмысына ұсыныстар енгізу жұмыстары жүрді.

Кеңес мүшелері Қайрхожаева Шырынгүл мен Жолдыбаева Гульшат өз кезегінде алдағы өтетін Тәуелсіздік мерекесі мен жаңа жылдық кешке қолдау көрсететіндерін айтты. Балаларға ертеңгілікке сай бақытты балалық шағында есте қалардай кештердің өтуіне өз үлестерін қосатындығын жеткізді.

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы

ШЕШІМ ЕТТІ:

- Оқу-тәрбие сапасын талдау; қауіпсіздік шараларын қарау; материалдық базасы қосымша толықтырылсын.
- Балалардың тамақтану сапасына мониторингі тұрақты сақталсын.
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстар күшейтілсін.

Төраға:

 Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы:

 Медиманова Айгуль Шахабековна

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы ХАТТАМА № 3

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 01.03.2024 ж.

Өткізілген уақыты: 10.00

Өткізілген орны: Балабақшаның акт бөлмесі.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері, медицина қызметкері

Қатысушылар саны: 110

Төраға: Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы: Медиманова Айгуль Шахабековна

КҮН ТӘРТІБІ:

Жарты жылдық қорытынды; қайырымдылық акциялары;
ата-аналармен жұмыс

- Жартыжылдық есепті тыңдау
- Балалардың даму деңгейін талдау
- Материалдық қажеттіліктерді қайта анықтау
- Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру
- Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау
- Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу

Қосымша:

“Отбасы және балабақша” атты бірлескен іс-шара.

Ата-аналар клубын дамыту

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірнеше мәселелер бойынша кеңес төрағасы Шәудірбаева пен балабақша директоры А.Е.Баянова сөйледі.

Кеңес төрағасы Шәудірбаев кеңес жұмысының жарты жылдық есебін, балабақша директоры А.Е.Баянова балабақшаның жарты жылдық есебін берді. Қайырымдылық акциялары, ата-аналармен бірлескен жұмыстарға тоқталды. Кеңес мүшелері мен балабақша арасында тығыз байланыс бар. Кеңестің әр мүшесі де балабақшаның әрбір қызметкерлері де бала тәрбиелеуде бірлесіп жұмыс жасауда. Атқарылған жұмыстар жылдық жоспарға сай өтуде.

Түрлі акциялар ұйымдастырылды. «Күз сыйы» қайырымдылық акциясынан түскен қаражат ауылдың аз қамтылған отбасы Үсенбаева Гүлфайрусқа берілді. Балаларға түрлі тәттілер мен мектеп формасына қаражат жиналды.

Балабақшада одан бөлекте қайырымдылық акциялары тұрақты өтеді. Қарттар күнінде ауылдық ардагерлер үйінде ауыл ақсақалдарымен кездесулер өтті. Балалар тәттілер мен шағын концерт ұйымдастырды.

«Алтын күз» қайырымдылық акциясынан түскен қаражат ауылдағы жалғыз басты ана Отарбаева Ақбаянға берілді.

Білім мен тәрбие егіз ұғым демекші балабақша бүлдіршіндеріне кішкентайынан тәрбиелеу, қайырымдылық, мейірімділік, достық, құрмет пен ізеттілік т.б түсініктері жүргізіліп келеді.

Бала дамуында жасалған жұмыстар балабақшаның фейсбук, инстаграм парақшаларында жарияланып отырады.

Сондай-ақ балалардың жас ерекшелігіне сай даму динамикасы, оқу бағдарламасының орындалуы және тәрбие жұмыстарының нәтижелері қаралды.

Қорытынды: оқу-тәрбие жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау бойынша Әнетов Ақылбек Игісәтұлы Таушық ауылдық полициясы, қамқоршылық кеңес мүшесі мен балабақша медбикесі Аронқызы Құралай сөз сөйледі.

Балабақшадағы қауіпсіздік шаралары талапқа сай екендігі айтылды. Қыстағы қардың қалың жаууынан балабақша ауласы мен балабақша аумағындағы жолдар уақытылы тазартылып тұрады. Мұздар жойылып, қалың қар тазартылады. Балаларға да ата-аналарға да балабақшаға кіріп шығудан кедергі жоқ екенін сөз етті.

Ал, көктемгі жаңбырдың жаууынан пайда болған шалшықтардың кедергі келтіруі бар. Тау бөктерінен аққан сел балабақша ауласына кіре беріс жолдарды жауап біраз кедергі келтірген болатын. Бұл жайсыздықты жою мақсатында ауыл әкімі Н.Бақтыбаевқа көмек хаты жолданып, кедергілерді жою мақсатында техникалар жұмылдырылып жол тазартылды. Қазіргі таңда балабақшаға кіріп шығуға ешқандай кедергі жоқ екені айтылды.

Медбике ата-аналарға балаларды жыл мезгілдеріне сай киіндіруін, жүріс тұрысына ыңғайлы, қолайлы етіп киіндіруді сөз етті. Қыста жылы киімдер, қолғап шарфтардың болуы, ал, көктемде жаңбырға төзімді су өткізбейтін аяқ киімдер мен жеңіл күртешелердің болуын ескертті. Көктем мезгілінде қызылша ауруының өрбитіні сөз етілді. Сақтық шараларын сақтауды, санитарлық қағидаларды қатаң ұстауды талап етті. Балаларға үйден балабақшаға келерде тәттілерді бермеуін, балабақшаның күн режимін сақтауын сөз етіп, санитарлық талап жөнінде шағын баяндама оқыды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу.

Әдіскер Жаксылыкова Айгуль Алиаскаровна мен психолог Жамишова Гулжихан Онашовна сөз сөйледі.

Балабақшаның жылдық жоспарына сай ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатыстыру жүйелі жүреді. Балабақшада сондай Ата-аналарға арналған консультативтік пунктін жұмысымен таныстырды. Ондағы жасалған жұмыстар туралы сөз етті.

Жаксылыкова А-әдіскер. «Баланы балабақшаға бейімдеу» БАЯНДАМА

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” (А. Құнанбаев)

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші кара сөзі).

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз. Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Естеріңізде ұстаңыз: баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аямаңыз. Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға

тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді. Ата-ана мен бала үйлесімділігі Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау», жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек. Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз. Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.

Ата –аналардың міндеті

1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Балабақшамен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірі мен білімі үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;
5. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
6. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;
7. Тәрбиешілердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
8. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
9. Үнемі тәрбиешілермен тығыз байланыста болып, ата –аналар жиналысына қатысып отыруға.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыздарының бойында ізеттілік, ар-ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, жан ашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші - ол анасы.

Ата – аналарға өсиет:

Адам азса, тәрбиенің жоқтығынан азады, қоғам азса адамдардың тәрбиесіздігінен азады. Балаға дұрыс тәрбие беру қоғамның болашақ дамуының кепілі. Сондықтан да баланың тәрбиесін бақшаға тапсырып қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам, ақпарат құралдары болып атсалысу қажет
Тыңдығындарыңызға рахмет!

Қосымша:

“Отбасы және балабақша” атты бірлескен іс-шара мен Ата-аналар клубын дамыту жұмыстары сөз етілді.

ҰСЫНЫС: МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ДАМУ ТУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты тұлға	Қаржыландыру көзі	Күтілетін нәтиже
1	Топтарға жаңа үстел-орындық алу	Балалардың жайлылығын арттыру	1–2 тоқсан	Менгеруш	Құрылтайшы	Жайлы оқу ортасы
2	Ойын және дамыту материалдарын жанарту	Ойын арқылы оқытуды күшейту	Жыл бойы	Әдіскер	Қамқоршылық кеңес	Дамытушы орта жақсарады
3	Ойын алаңын жөндеу	Қауіпсіздік және белсенділік	2 тоқсан	Шаруашылық менгеруші	Құрылтайшы	Қауіпсіз ойын аймағы
4	Кітап бұрыштарын толықтыр	Балалардың тілін дамыту	Жыл бойы	Тәрбиешілер	Қамқоршылық кеңес	Оқу қызығушылығы артады
5	Асхана жабдықтарын тексеру және жанарту	Санитарлық талап	1-тоқсан	Мед қызметкер	Құрылтайшы	Қауіпсіз амақтану
6	Жиһаздарды кезең-кезеңімен ауыстыру	Материалдық жағдайды жақсарту	Уақытылы	Директор	Құрылтайшы	Заманауи топ бөлмелері

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы

ШЕШІМ ЕТТІ:

- Жарты жылдық қорытынды есеп қанағаттанарлық деп бағалансын.
- Отбасы мен балабақша арасындағы жұмыс жүйелі жүргізілсін
- Кеңес отырысында ұсынылған материалдық-техникалық базаны дамыту жоспары назарға алынсын.

Төраға:

Хатшы:

Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Медиманова Айгуль Шахабековна

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы
ХАТТАМА № 4

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 31.05.2024 ж.

Өткізілген уақыты: 10.00

Өткізілген орны: Балабақшаның акт бөлмесі.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар,
қамқоршылық кеңес мүшелері, медицина қызметкері

Қатысушылар саны: 101

Төраға: Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы: Медиманова Айгуль Шахабековна

КҮН ТӘРТІБІ:

Жылдық қорытынды; есеп беру; жаңа оқу жылына ұсыныстар

- Жылдық жұмысты қорытындылау
- Кеңес жұмысының тиімділігін бағалау
- Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдау
- Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар
- Жаңа оқу жылына жоспар дайындау
- Кеңес мүшелерінің есебі

Қосымша:

- «Бақытты балалық шақ» мерекелік ертеңгілігін қолдау
Ойын алаңдарын жақсарту бойынша ұсыныстар

**Күн тәртібіндегі бірнеше мәселелер бойынша кеңес төрағасы
Шәудірбаева пен балабақша директоры А.Баянова сөз сөйледі.**

Кеңес төрағасы Шәудірбаев кеңес жұмысының жылдық қорытынды есебін берді.

Атқарылған жұмыстар жылдық жоспарға сай өтуде. Бұған дейін де бірнеше мәрте кездескен болатынбыз. Бүгін қамқоршылық кеңестің жылдық есебіне тоқталамыз және жасалған жұмыстарды бағалауды сұраймыз. Айтарлықтай кеңес өз жұмысын 2023 жылдың қыркүйек айынан бастады. Сол кезден бастап балабақшаның ішкі жұмыстарына белсене араласып, бала тәрбиелеуге өз үлестерін қосты. Кеңестің әр мүшесі өздеріне берілген жұмысты белсене атқарды. Кеңес мүшелері өз кезегінде балабақшадағы түрлі ертеңгілік, акциялар, кештер, іс-шараларға өз үлестерін қосты. Жұмыла көтерген жүк бүгінде оң нәтижесін беріп келеді.

Балабақша директоры А.Баянова балабақшаның жұмысына тоқталды. Балабақшаның ұйымдастырылған іс-шаралар балабақшаның жылдық жоспарына сай әрекет етілді. Жылдық жоспар бойынша атқарылған біршама жұмыстар бар. Бала тәрбиесіндегі педагогтар мен қызметкерлерлер әр баланы бағуға өз үлестерін қосты. Күні бүгінге дейін кеңес мүшелерімен тығыз байланыста болып балабақшаның жұмыстарын бірге атқардық. Әрине бұл кезекте ата-аналардың да қосқан үлесі зор.

Орысбаева Алтынтөре Қалдыгерейқызы - тәрбиеші.

«Ұлтыңды сақтаймын десең, ұрпағыңды тәрбиеле» баяндама

Елімізде жеке тұлғаның, қоғам және мемлекет үшін бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Сонымен қатар, орын алған оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Қазіргі тағда, білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді, баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынуда. Жаһандану жағдайында рухани құндылықтарымызға қайта оралып, жастарға саналы білім мен парасатты тәрбие беру мәселесі өзектілігімен айқындалады. Ұлтымызды дәріптеп, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды буын болып табылады. “Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие”-деп әл-Фараби айтқандай, тәрбие-жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Тәрбие мәселесі тұлғаның қалыптасу барысын сипаттайтын педагогика ғылымдарының көкейкесті мәселесінің бірі. Қазіргі тәрбие мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңде қоғамдық сананың даму ерекшеліктеріне, идеялық және құндылық ұстанымдарға байланысты жетіліп отырады. “Бала тәрбиесі-мемлекеттің маңызды міндеті” деген Платоннан келе жатқан қанатты сөз тәрбие жүйесінің негізгі қағидасы. Өйткені ұрпақ тағдыры-ұлт тағдыры. Тәрбие-халықтың ғасырлай бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Тәрбиенің түпқазығы гибратты, зұмырлы, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген ұлттық педагогика болып табылады. кезінде Ұлттық сапаның өсіп, мәдени және рухани дәстүрлердің, тілдің қайта жаңғырған мектеп оқушыларын өз халқының рухани құндылықтарымен, ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрімен түбегейлі, неғұрлым терең таныстыру қажеттілігі туралы, яғни өткен мен бүгіннің және келешектің

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер: Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар, Жаңа оқу жылына жоспар дайындау, Кеңес мүшелерінің есебі.

Балабақша әдіскері Жаксылыкова жазғы сауықтыру жоспарымен таныстырды.

Жоспарда Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдайлар жасауға кезең-кезеңімен іс-шаралар қойылған. Әкімшілік шаруашылық жұмыстары ауланы дайындау, құмдарды тазарту, ойын алаңдарын дайындау, жаз мезгіліне сай безендіру, құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру.

Шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу. Топтардағы заттың дамытушы ортаны қолжетімді етіп қою.

Қауіпсіздік шаралары бойынша ақпараттандыру жұмыстарын қолға алу.

Дене-шынықтыр сауықтыру жұмыстарын қолға алу: таза ауадағы жаттығулар, спорттық ойындар, мерекелік кештер ұйымдастыру.

Ата-аналарға Жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру бойынша сауалнамалар жүргізу және тағы басқа да жұмыстар таныстырылды.

Қосымша:

- «Бақытты балалық шақ» мерекелік ертеңгілігінде балаларды тәттілермен қолдау
- Ойын алаңдарын жақсарту бойынша ұсыныстар түсіп, бір ауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы ШЕШІМ ЕТТІ:

- Қамқоршылық кеңестің жылдық қорытындысы мен балабақшаның жылдық жұмысы есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
- Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар қабылдансын.
- «Бақытты балалық шақ» мерекелік ертеңгілігінде балаларды тәттілермен қолдау көрсетілсін.

Төраға:

 Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы:

 Медиманова Айгуль Шахабековна